

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 894 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 мамырдағы № 272 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 68-69-70, 421-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2018 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

"

16 -1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	МСМ	Ақпан	Қыркүйек	Қараша	С. Ж. Мұсайбеков
----------	--	-----	-------	----------	--------	---------------------

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев